

5. Илиясова К.М. Айтылған тарих немесе Стамбул жазбалары. - Астана: «Типография Стимул», 2016. - 175 б.
6. Әлім Алмат. Жерлестерін текке арандатқысы келмеген // Аңыз адам. - №77. - 2011.
7. Кәкен А. Түркістан легионы. - Астана. Республикалық баспа полиграфия орталығы. 2000. - 140 б.

«АЗИЯНЫҢ ОЯНУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ» ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ МЕН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Смагулова Г.М.,
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Смагулов Б.А.,
ҚОББ «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты КММ тарих пәнінің
мұғалімі
Қарағанды қ., Қазақстан*

*Алдымен олар сені байқамайды, сосын сені мазақ етіп күледі,
одан кейін сенімен күреседі. Ал содан соң сен жеңіске жетесің.
Махатма Ганди*

*«Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен
шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен,
үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады»
Қ. Тоқаев*

«Азияның ояну жылдары» ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басындағы кезеңнің өткен тарихына жатады. Бұл кезеңде дәстүрлі Шығыс қоғамының дамуында әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өзгерістер жүрді. Ол өз кезегінде Азия елдерінде буржуазиялық революциялар мен ұлт-азаттық қозғалыстарға әкелді. Ұлт-азаттық қозғалыс қандай жерде болмасын отарлаушы елдің саяси, экономикалық, идеологиялық, мәдени-рухани өктемдігіне, әділетсіздігіне, зорлығына қарсы бағытталады. Ал Азия елдерінің басым көпшілігі отарлық саясаттың құрсауында болғандықтан, олардың азаттық алуға деген ұмтылыстары заңдылық. Бірақ бірнеше ғасыр отарланған мемлекеттер, мысалы Үндістан, Қытай, Иран, Қазақстан тәрізді елдер саяси, экономикалық, территориялық тұтастығынан айрылды. Бұл елдер шикізат көзіне айналса, ондағы мекендеген халықтар өздерінің дамуын жоғалтты. Осылайша өркениеттен артта қалды. Соған қарамастан халық арасынан азаттық пен тәуелсіздік жолына бастаған ұлтжанды азаматтар, ірі қоғам қайраткерлері шықты. Мысалы, Үндістаннан Махатма Ганди, Қытайдан Сунь Ятсен тәрізді ұлттық интеллигенция өкілдері шықты, Қазақстаннан Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары қалыптасты. Олардың қатарына өзіндік идеялар ұстанған патриоттар - Түркиядан Мұстафа Кемал Ататүрік, Индонезиядан Сукарно сияқты бір топ ұлттық интеллигенция өкілдері қосылды. Аталған тұлғалардың тарихта іздері, арттарынан гандизм, кемализм, мархаэнизм тәрізді ілімдері қалды. Саясаттану ғылымының типологиясы бойынша бұл тұлғаларды «ұлт көсемдері», «ұлтқа қызмет етушілер» деп айтуға болады. Махатма Гандидің айтқан өсиеттері мен тәуелсіздік жолындағы күресі ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсетті. Оның өсиеттері тек Үндістан халқы үшін ғана емес, әлемнің басқа елдеріндегі халықтарға, әсіресе оның ұлт бостандығы үшін ұстанған күрестің тәсілдері – күш қолданбай қарсылық көрсету өзге мемлекеттерге үлгі болды. Мысалы, 1950-1960 жж. АҚШ-та қара нәсілділердің құқығы үшін күрескен Мартин Лютер Кинг, Оңтүстік Африкада Нельсон Мандела Гандидің қарусыз күресу

тактикасын пайдаланған. Махатма Ганди ойлап тапқан бейбіт жолмен қарсылық таныту теориясы мен күресудің тактикасы гандизм ілімінің негізін қалады.

Гандидің ұстанымы мен түсінігі бойынша Үндістанның ағылшын үстемдігінен құтылатын азаттық алатын бірден-бір жолы «сварадж», яғни «өзін-өзі» басқару болды.

Сварадж бағдарламалық талап ретінде алғаш рет 1906 жылы Үнді Ұлттық Конгресінің (ҮҰК) сессиясында қабылданды. Ал 1920 жылы болған ҮҰК-нің Нагпурдағы сессиясы свараджды іске асыру үшін күресу ҮҰК қызметінің негізгі мақсаты деп санады. Осыған байланысты Махатма Ганди «Сварадж құпиясы», «Сварадж талаптары» деген мақалаларын жазды. Аталған мақалаларында ағылшын тауарларына қарсылық көрсетете алатын, үнділік қол өнер, оның ішінде жіп иіру, тоқымамен айналысу, мата дайындау тәрізді отандық тауарларды көптеп өндіру арқылы халықты жаппай көтеріліске шақыру туралы айтылады. Бірақ оның артында Махатма Гандидің күш қолданбау идеясы тұрды. Осы идеяға сүйенген жаппай көтеріліс немесе «хартал» алғаш рет Үндістанда 1919 жылы ұйымдастырылды. Мұны Махатма Ганди Үндістандағы ағылшын үкіметінің төтенше өкілеттілігін кеңейтетін Роултт заңдарына қарсылық ретінде өткізеді. Елде ағылшын тауарларына байкот жарияланады. Мұндай наразылық акциялары ұзаққа бармайды. Себебі Махатма Ганди тұтқындалып, түрмеге жабылған болатын. Екі жылдан кейін ағылшын үкіметі оны түрмеден босатады. Бостандыққа шыққан Махатма Ганди тәуелсіздік жолындағы күресін қайтадан жалғастырады.

Тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықтың рухын көтеретін, сана-сезімін оятатын, ұлттық идеяны насихаттау керектігін жақсы түсінген ұлттың көшбасшылар мерзімді басылымдарды ұйымдастырды. Қазақстанда Алаш зиялылары «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы тәрізді газет-журналдардың беттеріне қазақ халқының рухани оянуы үшін арнайы шығармаларын жазды. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы 1911 жылғы «Айқап» журналының № 2 санына жарияланған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында Қазақстанның өз алдына дербес мемлекет болып құрыла алмаудың себептерін көрсетіп, өзінің жауабын «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», - деп айта келіп, қазақтарды ғылымға, өнерге, оқуға шақырады.

Үндістанда Махатма Ганди 1904 жылдан бастап «Индион опион» («Индия пікірі») деген апталық газет шығарды. Одан басқа «Хариджан» газетіне де тәуелсіздік туралы сұхбаттар берді, мақалаларын жариялады. Газет арқылы Махатма Ганди Ресейде болып жатқан 1905 жылғы революциялық оқиғаның тәжірибесіне көңіл аударды. «Орыс революционерлері тек петиция берумен шектелмейді олар батыл, отанын сүйеді, өз отанына шексіз құрмет жасайды, олар ертең үстемдікті құлатып, бостандыққа жетсе таң қалуға болмайды» деп жазды. Махатма Ганди патша самодержавасымен Үндістандағы ағылшын үкіметінің арасындағы ұқсастықты көрсетеді. Алаш зиялылары да орыс-жапон соғысынан, революциялық толқулардан әлсіреген Ресей үкіметінің отаршылдығынан құтылудың жолдарын «Қазақ» газеті арқылы берген еді.

Ал Махатма Ганди 1942 жылы 5 мамырда «Хариджан» газетіне жариялаған мақаласында «Тәуелсіздік» ұғымын жан-жақты қарастыра келіп, осы ұғымды барлық қырынан ашып көрсетеді: «Тәуелсіздік – саяси, экономикалық және рухани болуы тиіс. «Саяси» тәуелсіздік – британдық әскердің кез келген түрде таратылуын білдіреді. «Экономикалық» тәуелсіздік – британдық капиталистер мен британдық капиталдан, сонымен қатар, олардың үндістандық егіздерінен толық дербестікті білдіреді. Басқаша айтқанда, ең алдымен кедей өзін ең жоғары мәртебелімен бірдей дәрежеде сезінуі тиіс. Бұл тек, капитал немесе капиталистер өзінің қабілеттері мен капиталдарын, ең төменгі сатыдағылармен бөліске түскенде ғана мүмкін болады. «Рухани» тәуелсіздік – қорғануға арналған қарулы күштерден дербестігін білдіреді. Менің түсінігімдегі Рамараджья, британдық әскерді ұлттық кәсіби әскермен алмастыруға жол бермейді. Өзінің жеке ұлттық әскері болса да, осылай басқара алатын мемлекет, рухани тәуелсіз бола алмайды, ал бұл,

оның ең қауқарсыз деп аталған азаматтарының толық рухани гүлденуге жете алмайтынын білдірмек» [1, 126 б.].

Аталған газетке сол жылғы 28 шілдеде берген сұхбатынында тәуелсіздік туралы былай дейді: «... Үндістанның тәуелсіздігі, бүкіл Үндістанның, оның ішінде, Үндістанда княздық деп аталатын жерлердің де, және менімше, Британияның үнсіз келісуімен үстемдік жүргізіп келе жатқан, басқа да шетелдік мемлекеттерге жататын Франция мен Португалияның территорияларының да тәуелсіздігін білдіреді. Тәуелсіздік – осы елді басқарып келе жатқандардың тәуелсіздігін емес, Үндістан халқының тәуелсіздігін білдіреді. Билеушілер енді, осыған дейін өздерінің өкшесінің астында болып келгендердің еркіне тәуелді болуы керек...

Тәуелсіздік ең алдымен, төмендегілерден бастама алуы керек. Осылайша, кез келген ауыл, билікті толығымен иеленген мемлекетке немесе панчатқа айналады...» [1, 127 б.].

Ал Қытайда революционер Сунь Ятсен де Цин империясының билігін жою мақсатында 1894 ж. «Қытайдың қайта жаңғыру одағы» ұйымын құрды. Өкінішке орай бұл ұйым кең көлемде жұмыс жасап үлгермеді, биліктегілер революционерлердің ізіне түсті. Сунь Ятсен шетелге қашуға мәжбүр болды. Қытайдан алыс елдерде жүргеніне қарамастан Сунь Ятсен күрес бағдарламаларын жасау идеяларынан бас тартпаған. Кейін ол сол кездегі елдегі басқа да ұйымдармен біріктіріп қайта құрған революциялық ұйым «Тумынхуэй» немесе «Одақтық лига» (1905 ж.) Қытайдағы ең ықпалды саяси ұйымға айналды. Бұл ұйымның ықпалы өте күшті болды. Қытайдың барлық провинцияларында «Одақтықтың» жергілікті заңсыз ұйымдары құрылып, оның беделі тіпті армия арасында да өсті.

«Одақтық лиганың» баспасөз органы «Миньбао» деп аталатын журнал шығарды. Сол журналдың алғашқы санына Сунь Ятсен өзінің «халықтық үш принципін» жариялады.

«Бірінші принцип – ұлтшылдық, ол бойынша жат жерлік маньчжурлар әулетін тақтан тайдырып, тәуелсіз Қытай мемлекетін құру. Сунь Ятсеннің пікірі бойынша, бұл принципті іске асыру ұлттық революцияның ұраны болуға тиіс.

Екінші принцип – халық басқаруы, оның мазмұны Қытайда буржуазиялық демократиялық республика құру үшін күресті қамтыды.

Үшінші принцип – халықтың жақсы тұрмысы» [2, 106 б.].

«Үш халықтық принцип» ілімін тәжірибе жүзінде XX ғасырдың басындағы Қытай жағдайында орындау мүмкін емес еді. Бірақ бұқара халық Сунь Ятсеннің бұл ілімін демократиялық бағдарлама деп қабылдады. Ал оның өзі уақыт өте келе әлемдегі, Қытайдағы саяси жағдайдың өзгеруіне орай «халықтық үш принциптің» жекелеген тұстарын өзгертіп отырды. Зерттеуші мамандардың пікірінше әсіресе «ұлтшылдық принципінің» мазмұнын ішінара өзгертіліп отырған. Бірақ, қалай болғанда да Сунь Ятсеннің осы мәселелерге қатысты тұжырымдарының негізі біршама берік, өзгеріссіз сақталды [3]. Сунь Ятсен ілімін зерттеушілердің пікірлерімен келісе отырып, оның идеялары өміршен деуге болады.

Қазақстан жағдайында қазақ даласының зиялылары қауымы күшімен, ұлт көшбасшысы атанған Әлихан Бөкейханның бастамасымен тәуелсіздік жолындағы күрес, олардың идеялары және оларды ел арасына таратуда үлкен рөл атқарған алғашқы мерзімді басылымдарды айтуға болады. Жоғарыда атап өткен «Қазақ», «Айқап» басылымдары барша қазаққа «Алаш» партиясы туралы хабарды таратты. 1917 жылы шілдеде Орынборда өткен Бүкілқазақтық съезде құрылған «Алаш» партиясы жай ғана саяси партия емес, қазақ халқының ұлттық мүддесі мен арман-тілегін орындауға ұмтылыс жасаған күш болды.

Елінің ұлттық мүддесін ойлаған Алаш зиялыларының қатарында биыл ЮНЕСКО шеңберінде 150 жылдығы тойланып жатқан Ахмет Байтұрсынов та бар. Отаршылдық саясатқа қарсы А. Байтұрсынұлының бойындағы ойдың оянуына түрткі болған шығыстанушы, қазақ халқының тарихын, мәдениетін зерттеген орыс тарихшысы Александр Ефимович Алекторов еді. Ол сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлын ағартушылыққа да

бұрылуына себебін тигізді. Басқаша айтқанда қазақты отарлықтан құтқару туралы Ахмет Байтұрсыновтың идеясы ағартушылықпен ұштасты. Ұйқыдағы халықты ояту үшін ол «Маса» болды. Оқулық жазып, халықтың сауатын ашу идеясымен айналысты. Осы бағытта үлкен жұмыстар жасап, қызмет атқарды. Өкінішке орай, билікке басына келген Кеңестік үкімет Алаш зиялыларын «ұлтшыл» деп айыптады. Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары сталиндік саясаттың құрбанына айналды. Қазақ тарихындағы қасірет пен қайғыға толған оқиғалар мен құрбан болған адамдардың тізімін толтырды. Ең сорақы жағдай Алаш зиялыларының атқарған қызметтерін танып білу тұрмақ, олардың ілімдерімен таныспақ түгелі аттарын атауға да тыйым салынды. Тек Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана бүгінгі ұрпақ бабалар тарихымен жақын тануға мүмкіндік алды. Ең бастысы «Азияның оянуы» Үндістан, Қазақстан елдерінде ұлт зиялылары тәуелсіздікке жету үшін күрес жолындағы түпкі мақсатқа нақты сеніммен алға ұмтылу керектігін өздері жақсы түсінді және халқына түсіндіру жолында аянбай қызмет етті.

«... Менің мақсат-мұратым менің елімнің жарқын болашағы жөніндегі ұлы идеяның табысты болуына қатысты. Тек туған Отанымға қызмет ету ғана маған парызымды өтегенім үшін терең қанағат сезімін бере алады. Тек осы сезім ғана менің бүкіл өмірімнің ұстанымына айналды. ... Мен өз парызымды орындаймын және мен өз парызыма өле-өлгенше адал боламын», - деген екен Азиядан шыққан тағы бір әлемдік деңгейдегі тарихи тұлға Мұстафа Кемал Ататүрік [4, 3 б.] Атүріктің бұл айтқандары қазақтың Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан айтқан: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген сөздерімен үндесіп жатыр.

Мұстафа Кемал Ататүрік - Бірінші дүниежүзілік соғыстан соң Осман империясы ыдыраған кезде түріктердің де ыдырап, жойылып кетуден сақтап қалған ұлы күрескер. Оның бастамасымен Лозанн бейбіт келісім-шартына сәйкес 1923 жылы Түркия Республикасы құрылды. Жас мемлекеттің тәуелсіздігін сақтай отырып, саяси және экономикалық реформалар жасап, дамудың алғышарттарын көрсетті. Ол туралы осы мақала авторларының бірі 2017 жылы «Жуасов оқулары-21» ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағына жариялаған мақаласынан танысуға болады [5, 311-315].

Ататүрік өз ұлтының мүддесін көздейтін және қорғайтын ұлттық идеологияның негізгі принциптерін белгілеп берді. Олар: **республикашылдық** – мемлекетті республикалық жолмен басқару; **революцияшылдық** – тәуелсіздік үшін күрес, тоқырауға жол бермеу, үнемі даму; **ұлтшылдық** – түрік ұлтының мүддесін асқақтату; **халықшылдық** – мемлекеттің халық үшін қызмет етуі және халық тарапынан басқарылуы; **этатизм** (немесе мемлекетшілдік) - экономика саласында мемлекеттің жоспарлы бағдарламаға сәйкес әрекет етуі, елдегі барлық шаралар түрік мемлекетінің мәңгі өмір сүруін қамтамасыз етуі; және **лаицизм** (немесе зайырлылық) – діни емес, зайырлы мемлекет құру жүйесі. Бұл принциптер 1937 жылы ресми түрде Түркия Республикасының Конституциясына енгізілді. Сонымен бірге бұл принциптер жалаң теорияға айналған жоқ, керісінше оның негізінде Мұстафа Кемал Ататүріктің басшылығымен реформалар атқарылды. Мысалы, өркениетке жетудің басты шарты – білім мен ғылымға ерекше көңіл бөлді. Осыған байланысты 1924 жылы «Тәухид-и Тетрисат», яғни «Білім жүйесінің біріктірілуі» деген заң қабылданды. Заңға сәйкес діни оқу-орындар жабылып, жаңадан оқу орындары ашылды. 1925 жылы Анкарада заңгерлер дайындайтын құқық мектебі ашылды. 1928 жылы білім беру саласында латын жазуына негізделген жаңа түрік әліпбиі қабылданды. Мұндай жаңалық бірқатар түркітілдес елдерде де орын алды. Егер Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиі негізінде төте жазу үлгісін ұсынса, Әзербайжан мемлекеті де Түркия тәрізді латын әліпбиіне көшуге әрекет жасады. Бұл айтылғандар Ататүрік реформаларының бір бағыты ғана. Ататүрік реформаларына негіз болған принциптер жиынтығы кейіннен әлем елдерінде «кемализм» деген атаумен танымал болды.

«Гандизм», «кемализм» тәрізді тағы бір Азия елінде пайда болған идеологияның авторы Сукарно. Ол Индонезиядағы ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті өкілдерінің бірі, ал Индонезия тәуелсіздікке қол жеткізгенде оның тұңғыш президенті болды. Оның

идеологиясы «мархаэнизм» [6, 38 б.] деп аталды. Бұл идеологиядағы басты мәселе - отаршылдыққа қарсы күрес, сол арқылы тәуелсіздікке қол жеткізу. Индонезия алғашқыда Нидерландыдан тәуелсіздігін алу үшін, ал екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жапондық үстемдікке қарсы күресті.

1933 жылы Сукарно «Индонезияның азаттығы үшін» деп аталған брошюрада мархаэнизм туралы жазылды. Бұл сөздің мағынасына келетін болсақ, индонезия тілінде «мархаэн» «қарапайым адам» деген ұғымды білдіреді. Сукарноның түсінігі бойынша «мархаэн» тұжырымдамасына пролетариат пен шаруа кедейлері ғана емес, сонымен қатар қала мен ауылдың басқа да кедей топтары, қарапайым адамдар, сондай-ақ отаршылдардың езгісіне ұшырағандардың барлығы да қамтылды.

Мархаэнизм үш құрамдас бөліктен тұрды: **ұлтшылдық** – езілген ұлттың бостандығы; **исламизм** – исламнан басқа отаршылдарға қарсы діни-саяси ілім және **марксизм** - ұлтшылдықтан басқа индонезиялық ұлтшылдар ұстанатын национализм. Кейін мархаэнизм «панча сила» деп аталатын жаңа принциптермен толықтырылды. Сукарноның «панча силаға» негіз етіп алған бес принцип мыналар:

- 1) индонезиялық национализм;
- 2) интернационализм немесе гуманизм;
- 3) талқылау немесе демократия;
- 4) әлеуметтік әл-ауқат;
- 5) құдайға деген сенім[6, 83 б.].

«Панча сила» принциптері Индонезия аумағынан шығып, тәуелсіздік алған әлем елдеріне таралды. Бұл принциптер халықаралық қатынастарда өзінің өміршендігін көрсетті. Атап айтқанда 1955 жылы Азия мен Африканың 29 мемлекетінің өкілдері қатысқан Бандунг конференциясы және қосылмау қозғалыстары аясында қабылданған халықаралық құжаттарға негіз болды. Осылайша «панча сила» болашақ тәуелсіз мемлекеттің идеология ретінде танылып қана қоймай, Азия-Тынық мұхит аймағындағы ортақ азиялық қауіпсіздік тұжырымдамасының түп қазығына айналды.

Әрине, «Азияның ояну жылдарындағы» ұлттық интеллигенция өкілдерінің тәуелсіздік туралы күрестері туралы, олардың ұстанымдары жайлы бұдан басқа көптеген мысалдар келтіруге болады. Бірақ мақала тақырыбы салыстырмалы талдауға арналғандықтан осы мәселеге қарай көшкенді дұрыс деп есептейміз.

Махатма Ганди, Сунья Ятсен, Мұстафа Кемал Ататүрік, Сукарно тәрізді білімді, көзі ашық қазақтық зиялы қауым өкілдері де ХХ ғасырдың басында қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресті. Саяси күрестің тәсілдері мен сол кездегі қалыптасқан жағдайды шынайы түрде бағалай білген Әлихан Бөкейхан, Ахмет Батұрсынов, Міржақып Дулатов; Халел Досмұхамедов, Жақып Ақпаев тәрізді бір топ қазақ зиялыларының өкілдері ұлт-азаттық көтеріліске дайын болды және де туған халқының көзін ашып, рухын оятып, біліммен сусындатып, біртіндеп тәуелсіз ел болуға, құқықтық мемлекет құруға жетудің қиын да болса, ең сенімді жолын таңдап алды. «Алаш» партиясын құрған қазақтың зиялы қауым өкілдері ұлттық идеяға байланысты ұстанған ұстанымдарында жер мәселесі, халық игілігі мен бостандығы, ұлттық өнеркәсіпті қолға алу және дамыту, ұлттық-демократиялық мемлекет құру негізгі принцип болды. Бұл принциптер Үндістан, Қытай, Түркия және басқа да Азия елдерінің тәуелсіздік үшін күресіндегі өзекті мәселе болды. Бұл жағынан алғанда да Қазақстан мен Азия елдері арасындағы ұқсастықтарды байқауға болады.

Халықтық рухты оятудың басты құралы – ұлттық идеяны насихаттайтын мерзімді басылымдар екенін Махатма Ганди де, Мұстафа Кемал Ататүрік те, Сунья Ятсен де, Сукарно да, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары да жақсы түсінген, сондықтан алғашқы газет-журналдар басылып шығарылған. Осы жағынан салыстырып қарағанда «Азияның ояну жылдарындағы» мемлекеттер мен Қазақстандағы Алаш зиялыларының бастамалары арасындағы ұқсастықтарды көруге болады.

Азияның бірқатар мемлекеттерінде бейбіт жолмен, зорлық-зомбылықсыз, отаршылармен ымыраға бармау, күрес жолында түпкі мақсатқа жету үшін нақты сеніммен алға ұмтылу керектігін түсіндірді. Саяси күрес барысында келіссөздер жүргізу арқылы шиеленістерді шешуді ұсынды. Тәуелсіздікке жетудегі күрестің бұл жолдары Алаш зиялыларының да азаттық күресінде қолданған принциптерінің негізі болды. Өкінішке орай, тәуелсіздік үшін саяси күрестің жолы әр мемлекетте де қиын әрі күрделі өтті. Алаш зиялылары армандарына өз заманында қол жеткізе алмады. Бірақ «... қиын заман болғанына қарамастан, Алаш азаматтары өз міндеттерін атқарып кетті. Қазақтың Еуропалық үлгідегі мемлекетінің негізін қалады. Бірнеше буын зиялылар қалыптастырды, шекараны шегендеді...» [7, 117]. Осы пікір айтушыны біз де толықтай қолдаймыз. XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының аңсаған армандары тек алпауыт империя КСРО ыдырағаннан кейін ғана орындалды. Қазақстанның тәуелсіздігін Алаш зиялыларының ұрпақтары көріп, бүгінде әлем мойындаған тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп отыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ганди М. Тандамалы хаттар мен сөздер.- Алматы: Үнді мәдени орталығы, 2006.- 162 б.
2. Батурина Л.Л., Сердхан А. Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы: лекциялар курсы: Оқу құралы / Жауап.ред. А.Қ. Қапышев. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 349 бет
3. Керімбаев Е.Ә. Сун Ятсен және Қытайдағы ұлттық мәселе // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. — 2010. - №1(50).
4. Мұстафа Кемал Ататүрік // Аңыз адам. — 2012. - № 3 (39).
5. Смағұлова Г.М., Балаубаева Б.М. Мұстафа Кемал Ататүрік: саяси тұлға, реформатор / Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Алаш» ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған «Жуасов оқулары-21»: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. — Қарағанды: «Гласир», 2017. — 360 бет.
6. Капица М.С., Малетин Н.П. Сукарно: Политическая биография. — М.: «Мысль», 1980. — 332 с.
7. Алаш жылнамасы. Құрастырушы Берік Уәли: Алматы, 2020. — 120 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН: МҮДДЕЛЕР ҮНДЕСТІГІ

*Қасымов С. С., т. г. к.,
қауымдастырылған профессор
Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

XX ғасырдың басында патшалық Ресей Орта Азия мен Қазақстанды ашкөздікпен отарлауын жедел қарқынмен одан әрі жалғастырды. Бір ғана столыпиндік реформаның нәтижесінде 1907-1912 жылдары қазақ өлкесіне 2 млн. 400 мыңнан аса еуропалықтар қоныстандырылды. Қазақтар ата қонысынан айырылды, өлкенің ең шұрайлы жерлері қоныстану учаскелеріне, келімсектердің саяжайларына, казак әскерлеріне тартып алынды. Сөйтіп, ғасырлар бойғы дәстүрлі мал шаруашылығының дамуына шек қойылды. Қазақ халқы бір жағынан, тіршілік етудің негізгі көзі - жерден айырылса, екінші жағынан, өлкені талап-тонау, қоныс аударушылардың жергілікті халыққа зорлық-зомбылығы, кемсітушілігі мен өктемдігінен қыспаққа түсті. Тұтас ұлтқа қауіп төнді, жалпыұлттық дағдарыс пісіп-жетілді.